

No. 54196*

**Latvia
and
Kazakhstan**

Agreement between the Government of the Republic of Latvia and the Government of the Republic of Kazakhstan on the use of ports of the Republic of Latvia for the processing and transport of cargo of the Republic of Kazakhstan. Almaty, 19 May 1998

Entry into force: *22 October 1999 by notification, in accordance with article 16*

Authentic texts: *Kazakh, Latvian and Russian*

Registration with the Secretariat of the United Nations: *Latvia, 4 January 2017*

**No UNTS volume number has yet been determined for this record. The Text(s) reproduced below, if attached, are the authentic texts of the agreement /action attachment as submitted for registration and publication to the Secretariat. For ease of reference they were sequentially paginated. Translations, if attached, are not final and are provided for information only.*

**Lettonie
et
Kazakhstan**

Accord entre le Gouvernement de la République de Lettonie et le Gouvernement de la République du Kazakhstan relatif à l'utilisation des ports de la République de Lettonie pour le traitement et le transport des cargaisons de la République du Kazakhstan. Almaty, 19 mai 1998

Entrée en vigueur : *22 octobre 1999 par notification, conformément à l'article 16*

Textes authentiques : *kazakh, letton et russe*

Enregistrement auprès du Secrétariat des Nations Unies : *Lettonie, 4 janvier 2017*

**Aucun numéro de volume n'a encore été attribué à ce dossier. Les textes disponibles qui sont reproduits ci-dessous sont les textes originaux de l'accord ou de l'action tels que soumis pour enregistrement. Par souci de clarté, leurs pages ont été numérotées. Les traductions qui accompagnent ces textes ne sont pas définitives et sont fournies uniquement à titre d'information.*

Латвия Республикасының Үкіметі
мен
Қазақстан Республикасы Үкіметінің
арасында Қазақстан Республикасының жүктерін
өңдеу мен тасымалдауға Латвия Республикасының
порттарын пайдалану туралы

К Е Л І С І М

Латвия Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі, бұдан әрі “Келісуші Тараптар” деп аталынатын,

1994 жылғы 13 қазандағы Латвия Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің арасындағы саудалық-экономикалық ынтымақтастық туралы Келісімді назарға ала және екі мемлекет арасында теңдестік және өзаралық пайда келтіру негізінде экономикалық ынтымақтастықты дамытуға ынталана отырып,

екі мемлекет арасында көліктік байланыстарды нығайту мен дамытуды қалай отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімнің шеңберінде:

1. “порт” атауы Латвия Республикасының белгіленген шекаралы құрлық аумағын, оған қоса жасанды үйінділерді және ішкі су жолдарының бөлігін, кемелерге және жолаушыларға қызмет көрсетуге, жүк, экспедиторлық іс-қимылды және кеме қатынасының шаруашылық қызметіне байланысты басқаларын жүзеге асыруға жабдықталған порт маңайындағы ішкі және сыртқы рейдтер мен құрлық жолдарды білдіреді;

2. “құзырлы органдар” атауы Қазақстан Республикасына қатысты - Көлік және коммуникациялар министрлігін немесе солармен уәкілденген органды, ал Латвия Республикасына қатысты - Қатынас министрлігін немесе олармен уәкілденген органды білдіреді;

3. “жүк” атауы түріне, пайда болу тегі мен көлеміне қатысы жоқ кез келген жүкті білдіреді, егер ол:

а) Латвия Республикасының теңіз портына Қазақстан Республикасының заңды немесе жеке тұлғаларымен үшінші елдерге жіберу үшін жөнелтілген жағдайда;

б) Латвия Республикасының теңіз портына, оның кейінгі жүру маршрутына қарамастан Қазақстан Республикасының заңды немесе жеке тұлғаларының атына келген жағдайда.

4. “қауіпті жүк” атауы 1974 жылғы Теңізде адам өмірін қорғау туралы халықаралық Конвенция (СОЛАС - 74), 1978 жылғы Хаттамадағы және қауіпті жүктерді тасымалдау жөнінде оның барлық түзетулеріндегі сияқты мағынаны білдіреді, Қауіпті жүктерді тасымалдау қауіпсіздігі туралы Халықаралық Кодекстің қағидаларына (IMDG), Халықаралық теңіз ұйымдары (ИМО);

5. “көлік құралдары” атауы темір жол жылжымалы құрамын, теңіз кемелерін, сондай-ақ автомобиль, әуе және құбыр жүргізу көлігін білдіреді.

2-бап

Келісуші Тараптар транзит еркіндігі принциптерін жүзеге асыруға жәрдемдесу және халықаралық көлік байланыстарын дамытуға зиян келтіруі мүмкін кез келген әрекеттен қалыс қалатын болады.

3-бап

1. Латвия Республикасы транзит мемлекеті ретінде теңізге шығу жолы жоқ мемлекет ретіндегі Қазақстан Республикасына барлық көлік құралдарымен теңізге шығу және одан қайту құқықтарын береді. Осымен қатар Қазақстан Республикасы Латвия Республикасының порттарының қызметін және Латвия Республикасының аумағы арқылы транзит еркіндігін пайдаланады.

2. Латвия Республикасы өз аумағының толық егемендігін жүзеге асыру мақсатымен, Қазақстан Республикасына қатысты осы Келісіммен көзделген құқықтар мен мүмкіншіліктерді қамтамасыз ету, Латвия Республикасының заңды мүдделеріне ешқалайда қысымшылық жасамау үшін кез келген шараларды қабылдауға құқығы бар.

4-бап

Келісуші Тараптар мынаған келісті:

а) Латвия Республикасының теңіз порттарын Қазақстан Республикасының транзиттік экспорттық-импорттық жүктерін өңдеуге пайдалану;

б) аталмыш жүктердің теңіз тасымалдауына, мүмкіндігінше Латвия Республикасының теңіз кемелерін тарту;

в) Латвия Республикасының теңіз порттарын Қазақстан Республикасының экспорттық-импорттық жүктерін тиімді өңдеуге кедергі болар себептерін жоюға жедел шаралар қабылдау;

г) Латвия Республикасының аумағында Келісуші Тараптар кәсіпкерлерінің арасында пайда болған келіспеушіліктер мен дауларды шешу, келісім-шартта өзгеше жағдай көзделмегенде, Латвия Республикасының заңдарына сәйкес шешіледі.

5-бап

Латвия Республикасының құзырлы органдары Латвия Республикасының теңіз порттарына тасымалдау жасауға және аудару салу пункттеріне үкіметаралық несие ізгілік көмек желілері бойынша үшінші елдерден Қазақстан Республикасының жеке және/немесе заңды тұлғаларының мекен-жайына келетін жүктерге жылжымалы құрам беруді және олардың сыртқы экономикалық байланыстарына қызмет етуді қамтамасыз етуге міндеттенеді.

6-бап

1. Латвия Республикасының аумағы арқылы Қазақстан Республикасының экспорттық-импорттық жүктерінің транзиттік қозғалысы кедендік салықтар мен баждардан немесе осындай қозғалыстарды қамтамасыз етуге байланысты көрсетілетін нақты қызметтер алымдарын қоспағанда басқа алымдардан босатылады.

2. Осы баптың 1 тармағында ескертілген босатулар автомобиль жолдарын, көпірлерді және басқа ғимараттарды пайдалану төлемдеріне, қосымша құн салықтары мен отын сатып алудың акциздік салықтарына жарамайды.

7-бап

Жүктерді бақылаудың кедендік, санитарлық, радиоактивтік және басқа түрлерін жүргізу тәртібі Латвия Республикасы аумағында пәрменді халықаралық құқықтық нормаларға және Латвия Республикасының заңдарына сай анықталады.

8-бап

Осы Келісімді қолдануға байланысты Келісуші Тараптар ұйымдары мен кәсіпорындары арасында жүргізілетін есеп-айырысулар мен төлемдер Келісуші Тараптар арасында қолданылып жүрген есеп-айырысу және төлемдер туралы келісімдерге сәйкес, ал бұлар жоқ болған жағдайда – еркін конверсияланатын валютамен немесе халықаралық қаржы практикасында қабылданған ағымдағы әлемдік бағалар мен шарттарды ескере отырып, ұлттық валютамен жүзеге асырылады.

9-бап

Келісуші Тараптар көлік және сауда мәселелерімен айналысатын тиісті органдар арасындағы олардың іскерлік қарым-қатынастарының тиімді дамуын қолдайды, сондай-ақ кәсіпорындар мен ұйымдар арасындағы қатынастардың дамуын көтермелеп жалғастыратын болады.

10-бап

1. Келісуші Тараптар осы Келісімнің шеңберінде жүргізілетін жүк тасымалдау нәтижесінде қоршаған ортаның ластануын болдырмау үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға міндеттенетін болады.

2. Қазақстан Республикасына қатысты жүктерді тасымалдау нәтижесінде Латвия Республикасының аумағында қоршаған орта ластанған жағдайда және бұған Қазақстан Республикасының заңды немесе жеке тұлғасы кінәлі екені белгіленгенде Қазақстан Тарабы материалдық шығын келтіргені үшін өтем жасауға міндеттенеді. Ластану себептері мен оның көлемі Латвия Республикасының заңдарына сәйкес анықталады.

11-бап

Осы Келісімнің шеңберінде дәндер мен қауіпті жүктерді теңіз жолымен өңдеу мен тасымалдау 1974 жылғы Теңізде адам өмірін қорғау туралы халықаралық Конвенцияның қағидаларына, 1978 жылғы Хаттама мен қауіпті жүктерді тасымалдау туралы оның барлық түзетулеріне, Қауіпті жүктерді тасымалдау қауіпсіздігі туралы Халықаралық Кодекстің қағидаларына (IMDG), Халықаралық теңіз ұйымдары мен Латвия Республикасының ұлттық заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.